

Бекітемін

«Қостанай облысы  
әкімдігінің білім  
басқармасы» ММ  
басшысы



З. Байменова

2022 ж.

Бекітемін

«Қостанай облысы  
әкімдігінің мәдениет  
басқармасы» ММ  
басшысы



Е. Қалмақов

2022 ж.

**III Халықаралық  
«Наурыз достарын шақырады» би ұжымдарының  
on-line фестивалін өткізу туралы  
Ереже**

**Фестивальді өткізу мерзімі мен орны:**

2022 жылғы 21-22 наурыз, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

**Құрылтайшылар мен ұйымдастырушылар:**

Қостанай облысының әкімдігі, Қостанай облысының білім басқармасы,  
Қостанай облысының мәдениет басқармасы.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстандағы балалар жылы аясында Қостанай облысының әкімдігі 2021 жылғы 21-22 наурызында Қостанай қаласында Азия халықтарының ең көне мерекелерінің бірі «Наурыз мейрамы» қарсаңында III Халықаралық «Наурыз достарын шақырады» би ұжымдарының on-line фестивалін өткізеді. Фестивальдің негізгі миссиясы - ұлттық мәдениетті жаңғырту, сақтау, дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

**Фестивальді ақпараттық қолдау:**

Қазақстан Республикасы мен Қостанай облысының бұқаралық ақпарат құралдары.

**Фестивальдің мақсаты мен міндеттері:**

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстанның қазіргі заманғы қазақстандық мәдениеті мен хореографиялық өнерін танымал ету;
- балалар мен жастардың хореографиялық шығармашылығын насихаттау және қолдау;
- ұлтаралық қатынастар мәдениетін дамыту;
- жалпыадамзаттық құндылықтар, шығармашылық және кәсіби бәсекеге қабілеттілік негізінде балалар мен жастардың өзін-өзі жетілдіруін жүзеге асыруы.

### **Фестиваль қатысушыларына қойылатын талаптар:**

1. Фестивальге 2022 жылдың 1 наурызына дейін ұйымдастыру комитетіне қатысуға өтінім берген, барлық қажетті материалдарды [ans\\_karnaval@mail.ru](mailto:ans_karnaval@mail.ru) e-mail-ге жіберген ұжымдар жіберіледі.
2. Фестивальге әртүрлі жастағы оқушылар тобы қатысады.
3. Әр ұжым 2 халық биін ұсынады.
4. Қатысушы ұжым келесі ақпараттық материалдарды ұсынады:
  - Ұжымның өмірбаяны 20 жолдан артық емес;
  - Ұжымның түрлі-түсті фотосуреті, басшының аты-жөні.
5. Бейнероликтер ағымдағы жылдың 10 наурызынан бастап Instagram әлеуметтік желісіндегі @culture\_qostanai парақшасына орналастырылады;
6. Конкурс қорытындысы 2022 жылдың 21-22 наурыз күні Instagram әлеуметтік желісіндегі @culture\_qostanai парақшасында жарияланады.
7. Марапаттар өтінімде көрсетілген мекен-жайға жіберіледі.

### **Марапаттау:**

Әр ұжым «Наурыз достарын шақырады» III халықаралық хореографиялық өнер фестивалінің лауреаты атағын және естелік мүсіншені алады.

**Фестивальдің көркемдік жетекшісі:** Фахрутдинов Шамиль Абдрахманович. Телефоны: 8-714-2391132. Ұялы телефон: +77023067069

Электрондық мекен-жайы: [ans\\_karnaval@mail.ru](mailto:ans_karnaval@mail.ru)